

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 2, Number 312 (2017), 154 – 158

K.B. Alpysbayeva

M.O. Auezov Institute of Literature and Art
alpysbaeva-k@mail.ru

**EPIC "EDIGE - NURAN IN K. ZHAPSARBAEV'S REPERTOIRE
AND SPECIFICS OF ITS PLOT**

Annotation. One of the genres of our national folklore which has rich content - is a heroic epic. We will focus on the epic "Edige Batyr". It is one of the oldest and highly artistic Kazakh heroic epics that have survived to the present day. The plot basis of it is chanting of national unity, people heroism. Research object of our study is the analysis of the history of collecting versions of the epic "Edige Batyr" performed K.Zhapsarbayev and its plot features. The methodology of the work includes the following methods: textual, comparative-historical, document studies, and bibliographic information. The research results can be used by undergraduate and Master students, as well as specialists in literary studies at the universities.

Most of the above works published in the Soviet period, were published with some shortcomings, examples of which are listed.

After Kazakhstan gained independence, there appeared not only new views on comprehension of history of Kazakh people, but also an opportunity of in-depth study and objective evaluation of many issues of history of literature, including national heritage, which for many years have been negatively evaluated and analyzed only from political and class point of view in terms of the ideology of a totalitarian system.

In 2004, at the initiative of the President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev, as a result of government resolution, in the framework of a comprehensive State program "Cultural Heritage", the M.O. Auezov Institute of Literature and Art published a series of scientific edition "Babalar sozi" in one hundred volumes. Spiritual heritage of the Kazakhs has been returned to the wide publicity without any changes, in its original form and put into scientific circulation.

Keywords: folklore, storyteller, collector, version, epic, textual study, edition, heroic epic, original

ӨОЖ: 821. 512. 122. 09: 398

Қ.Б. Алпысбаева

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы қ., Қазақстан

**ҚАЛҚА ЖАПСАРБАЕВ РЕПЕРТУАРЫНДАҒЫ «ЕДІГЕ – НҰРАН»
ЖЫРЫ ЖӘНЕ СЮЖЕТТИК ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ**

Аннотация. Ұлттық фольклорымыздың бай мазмұнды жанрларының бірі – батырлар жыры. Солардың ішінен «Едіге батыр» жырына токталар болсақ, ол – казақ халқының ерте замандардан жеткен аса көркем батырлық жырларының бірі. Жырдың негізгі идеясы – ел бірлігін сактаудан туған. Соңдықтан да жырда ел бірлігін көздеген, ер рудың арасында татулық болуын мақсат еткен адамдар іс-әрекеттері ардағылады.

Жырдағы бас кейіпкер – Едіге. Жыршылар оны ел бірлігін сактауда, елге қамқор болуда жасаған ерлігін мадақтаап, ел-жұртын сүйген шын батыр ретінде суреттейді.

Еңбетіміздің зерттеу нысанасы ретінде «Едіге батыр» жырының Қалқа Жапсарбаев жырлаған нұсқасының жиналу тарихы мен текстологиялық ерекшелігі талданады. Жұмыстың әдістемесін текстологиялық, салыстырмалы-тариҳи, құжаттанулық, деректемелі библиографиялық зерттеулер әдісі құрады. Жұмыстың нәтижесін жоғары оку орындарының студенттеріне, магистранттарға және әдебиеттанушы мамандарға пайдалануға болады.

Кеңес Одағы кезінде жарық көрген жоғарыда аталған туындылардың көбі мысалда көрсетілгендей біраз кемшіліктермен жарық көрді.

Қазақстан тәуелсіз мемлекет болып, мүмкіндіктер туғаннан кейін қазақ халқының тарихын зерделеу жөнінде жаңа көзқарастар туып қана қойған жоқ, сонымен қатар ұзақ жылдар бойы тотолитарлық жүйеге орай тек, саяси және таптық тұрғыда талдау жасалып, теріс бағаланып келген әдебиет тарихының қөптеген мәселелері, соның ішінде халық мұрасының жан-жакты зерттеліп, әділ бағалануына қолайлы жағдайлар туғызыды.

Ал 2004 жылы Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен үкімет Қаулысы нәтижесінде «Мәдени мұра» кешенді Мемлекеттік бағдарламасы аясында М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Бабалар сөзі» сериясы ғылыми басылымының жүзтомдығының жарыққа шығарды. Қазақтың рухани мұрасы ешбір өзгерісіз, бастапқы қалпында қалың жұртшылыққа қайтарылып, ғылыми айналымға енді.

Тірек сөздер: фольклор, жыршы, жинаушы, нұска, жыр, текстология, басылым, батырлық жыр, тұпнұска.

Ғасырлар бойы ел аудында айтылып келген аңыз-жырдың бірі – «Едіге батыр». Қазақстан мен Орта Азияны, Сібірді, Еділ бойын, Кавказ бен Қырымды жайлаған қөптеген халықтар арасында Едіге батыр жайындағы жыр-аңыздар ерте кезден кең тараған.

Едіге – тарихи тұлға. Ол – XIV ғасырдың екінші жартысында Алтын Орда әлсіреп, хандыққа таласуышы билеушілердің өзара қырқысуынан ел іргесі босап, бір кездегі күшті мемлекеттің ыдырай бастаған кезінде Едіге тарих сахнасына шықты. Алтын Орданың қайтадан нығаюна күш жұмсап, ел тізгінің ұстаған беделді би, ері қол бастаған батыр болды.

Ол – есімі қөзінің тірісінде аңызға айналған даңқты ер. Едігені қазақтар ғана емес, қыргыз, карақалпақ, өзбек, түркмен, татар, ноғай, башқұрт халықтары да өздерінің «батыр бабасы» ретінде ардактайды.

«Едіге батыр» жыры ноғайлы дәүіріне тән оқиғалар сарынына құрылған. Жырда бас батыр Едігенін Тоқтамыс хан құзырында қызмет істеп, ханның сеніміне ие болғандығы, кейіннен араздасып, жас батырдың ханнан кек қайтармақ үшін, алыстағы Сәтемір ханға кетіп, ол жақтан ауыр қолды бастап келіп, жеңіске жетуі баяндалады.

«Едіге батыр» жыры жөнінде алғаш пікір айтқан қазақтың ұлы ғалымы – Ш.Уәлиханов [1,197-199]. Халық туындысы жөнінде зерттеу жұмыстары Кенестік дәуірде де жүргізілді. Бұл орайда Қ.Сәтбаев, М.Әуезов т.б. еңбектерін айтуда болады [2].

Өкінішке орай, Қенес өкіметі кезінде қөптеген асыл мұраларымыз сияқты «Едіге батыр» жыры да қоғамдық-идеологиялық мұдделерге сай келмегендіктен жан-жакты терең зерттеліп, толық жарық көрмеді. Тіпті, оның атын атауға тығым салынды.

Ұзак жылдар бойында жабық жатқан «Едіге батыр» жырының тарихына қайта оралып, зерттеу жазған белгілі ғалым В.М. Жирмунский болды. Оның 1974 жылы жарық көрген «Тюркский героический эпос» атты зерттеу еңбегінде «Манас», «Алпамыс», «Дәде Қорқыт кітабы» секілді әлемдік эпикалық қазына қатарынан орын алатын жырларымен қатар «Едіге батырға» да кең талдау жасалды.

Сексенінші жылдардан бастап ҰFA академигі Р.Бердібаев әпостың тарихильты ғарнайша деген мәселеге үлкен көніл бөліп, ғылыми жұмыстардың методологиясын жетілдіру жұмыстарын жасады. «Едіге батыр» туралы оң көзқарастар қалыптасып, аталған жырдың жекелеген нұскалары мен үзінділері газет, журнал, жинақтар жеттерінде жариялана бастады.

Ал еліміз егемендік алғаннан кейін халық тарихындағы Едіге сыйнды тұлға туралы әдеби мұралар, зерделі зерттеулер жарық көре бастады. Кейінгі 20 жылдың көлемінде Едіге байланысты еңбектер жаңа көзқарастағы зерттеулермен толығып, Қенес кезінде кеткен кемшиліктерге тойтарыс берілді. Мұның бірден-бір дәлелі ретінде Р.Бердібаевтың, Е.Магауинның, Ж.Асановтың зерттеу еңбектері мен М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев ұсынған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде орындан жатқан «Бабалар сөзі» жүзтомдығын атауға болады.

Зерттеушілердің айтудынша, «Едіге батыр» жырының отызға жуық нұскалары бар. Солардың он бес (Шокан, Мұрын жырау, Нұртуған, Ә.Диваев, М.Ж. Қөпесев, Т.Бейсенов т.б.) нұскасы ҚР Білім және ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапханасы мен М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында сақтаулы. Солардың бірі – «Едіге – Нұран» атты Қалқа Жапсарбаев нұскасы.

Қазақ фольклорын жинаған және оны әдебиет сүйгіш қоғаммен таныстырған адам халық ақыны, жыршы Қалқа Жапсарбаев (1886-1973 жж.) болды. Қалқа – халыққа асқақ әнімен, дастан-жырларымен, айтystарымен бүкіл Қазақстанға аты жайылған ақын. Оның «Қалқа», «Қалқаның жай қоңыры», «Қалқаның желдірмесі» дейтін шығармалары Жетісу өлкесіне кең тараған. Ұлы Отан соғысының батыры. Панфиловшы 28 батырдың бірі - Сенгірбаев Мұсабекке арнаған поэмасы 1951 жылы дербес кітап болып тарады. Бұдан бұрын да Қалқаның колхоз, совхоз тақырыбына арнаған өлеңдері күнделікті газет-журналдарда басылып тұрды.

Қалқа Жапсарбаев 1886 жылы қазіргі Талдықорған облысы, Киров ауданы, Мұқыр деген жерде, кедей отбасында туған. Ол он үштен жиырма бес жасқа дейін кісі есігінде мал бағып жалшылықта болады. Алайда

жүргінде ақындық оты бар жас Қалқа жалшылыққа жасымайды. Той-думандарда домбыра тартып, ән салып ақындық салтын құрады. Ел арасына кең тараған ертегі-жырларды, атақты Бақтыбай, Қабан ақындардың өлеңдерін жаттап, өзі де жанынан шығарып айта береді.

Қазак ССР мен Қазақстан Компартиясының 40 жылдығына байланысты Қазак ССР Жогарғы Советінің Президиумы Қалқа Жапсарбаека «Халық ақыны» деген құрметті атақ береді. Қалқаның жырлаған көлемді жырының бірі – «Едіге – Нұран». Бұл жырды Жасбала Елікбаев деген азамат 1939 жылы Қалқа Жапсарбаевтың орындауында жасып алғып, ОФК-нің қожағаза қорына (687 бума, 9-дәп.) тапсырған. Қолқазба мәтіні тор көзді дәптерге көк сиямен, латын әрпінде түсірілген. Көлемі – 90 бет. Өлең жолдары әр бетке бір қатардан орналасқан.

Елікбаев Жасбала (1886-1976 жж.) Талдықорған облысы, Киров ауданы, К.Маркс атындағы колхозда туып-өсken. СССР Жазушылар Одағының мүшесі. «Қалқаның әні», «Жайқоңыр» т.б. көптеген әндер шығарған. «Орақ батыр», «Дана қызы», «Тұрымбет туралы» аңыздары көпке мәлім. Шығармалары жинақтарда басылым көрді.

«Едіге – Нұран» жырының мәтіні алғаш рет 2005 жылы «Басылып жатқан қазынам...» атты жинақта, ал 2006 жылы «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 39-томында жарияланды.

Жыр басында:

Бұрынғы өткен заманда
Бай мен ханда барлық бақ.
Жүреді екен сол күнде,
Нашарларға зорлық сап.
Әрісте жүрген мальна
Үйінде жақсы қазына
Күн көрсетпей тартып ап.
Біреуге біреу зорлық қып,

Осындай болты бір уақ – деп, ертеде Есім деген зорлықшыл хан болғаны суреттеледі. Едігенің татымын білген ол «түбінде хандыққа таласар» деп қорқып, алдын ала қамданады. Көрші елдің Мұхтар деген ханының ағасы өлгенин естіп:

Ақтоғайдың бойында,
Алакөлдің ойында
Бөлек жатқан бес жұз үй
Азасы үшін алған соң
Бердім түгел шабуға.
Малың болса бағатын,
Отың болса жағатын,
Пішінің болса шабатын,
Отының болса алатын,
Егінің болса салатын
Жақсы баладан бес бала
Алсын тағы толымды.
Сізге лайықты бір бала
Едіге деген толымды.
Біреуіне соны алсын,
Шаруаңа толық жарайды...

«Ағана салған азам, – деп, – Алакөлдің жағасында бөлек жатқан 500 үйді шауып ал» деп хат жазады. Мұхтар ханының қолы сол елді шауып алады. Едіге көп адамдармен бірге тұтқынға түседі. Едігенің ерекшелігіне көзі түскен Мұхтар хан оны той жасап, бала қылады. Ханының жас әйелі Жамал Едігеге ғашық болып, екеуін араздастырады. Едігеге қастандық ұйымдастырылып, оны Едігеге досы Аңғысын айтып, сактандырады. Едіге өз сліне келіп, экесі Нұран мен шешесі Өсемді құлдықтан босатып, Есім ханды өлтіреді. Орнына басқа хан сайлайды. Кейін Мұхтар ханының елін шауып, басын алғып, орнына Аңғысынды хан қояды. Өзі екі елдің батыры атанады.

«Едіге – Нұран» жырының өзіндік даралығымен бірге басқа нұсқаларға ұқсас сарындары да бар. Мәселен, Едігені Мұхтар ханының той жасап, бала қылып алуды, екеуінің араздастына себепкер ханының сұлу әйелінің болуы (Шоқан, Нұртуған, Ә.Диваев нұсқаларында кездеседі). Едігеге қастандық ұйымдастырылуы (Шоқан, А.Өмірзаков нұсқаларында кездеседі); оны Аңғысының сактандыруы; ашууланып хан үйінен кетіп қалған Едігенің сонынан Кенжембайдың қуып баруы т.с.с. Осындай ұқсас сарындары бола тұра жырдың басталуы, сюжет желісінің дамуы, жырда Едігенің Нұран атты экесінің, Өсем атты шешесінің болуы, шығарманың аяқталуы жырдың басқа нұсқаларына мүлдем ұқсамайды.

Қалқа Жапсарбаев нұсқасы тіл көркемдігі жағынан да шебер жырланған. Тілі таза, оқиғасы қызықты.

«Едігеге» қастысты жырлардың түрлі нұсқаларын салыстырып қарағанымызда, олардың оқиғалық, құрылымдық жағында бірқатар өзгешеліктер кездеседі. Әрине халықтың батырлық эпосының қай-қайсысы да бір күнде туған жоқ. Әуелі елін қорғаған ерлердің жауға қарсы аттаныстары, батырлық іс-әрекеттері, қаһармандық бейнесі суретtelген аныз-әңгімелер, қыска тарихи өлеңдер болып тұады. Бұл шығармалар ауыздан-ауызға тарап, ел арасына кен жайылады. Кейінгі айтушылар олардың бәрін шебер қурастырып, эпикалық шығармаға айналдырады. Осылай таралған эпостық жырда айтушының киялынан, тыннан қосылған эпизодтар мен әсіреулер болады. Бірақ жырдағы суретtelген оқиғалардың тарихи елесі сақталады.

Қорыта айтқанда, жыршы халық аудында айтылып жүрген «Едіге» туралы жыр-дастандар мен аныз, әңгімелердің негізінде эпосты жаңғырта жырлаған. Осы тұрғыдан алғып қарағанда, Қ.Жапсарбаевтың жырлауындағы «Едіге – Нұран» сюжеті басқа нұсқалардағы тұракты эпизодтарды өзгеріссіз қайталау емес, өз алдына жеке, дербес нұсқа деуімізге толық негіз бар.

«Едіге батыр» жырының қай нұсқасын алсақ та, жыр нұсқаларына ортақ нәрсе – Едігенің ерліктері, асқақ рухы.

Едіге жайлышты жыр нұсқаларының қайсысын алсақ та, жыр нұсқаларына ортақ нәрсе – Едігенің ерліктері, асқақ рухы және өз еліне деген сүйспеншілігі.

Едігені қазактарғана емес, басқа да түркі халыктарының «батыр бабамыз» деп ардактауы, олардың бір кезде «ноғайлы» атанип бір шаңырактың астында біртұтас ел болғандығын көрсетеді. Ноғай Ордасы кейіншілік әртүрлі хандықтарға бөлініп, түркі халыктарының бірлігі ыдырағанда, әр ел «Едігесін» өздеріне ғана тән деп, «Едіге батырды» қадір тұтқан.

Кеңес Одағы кезінде жарық көрген жоғарыда аталған туындылардың көбі біраз кешіліктермен жарық көрді.

«Едіге – Нұран» жырының 2005 жылғы басылымын түпнұсқамен (687-бума, 9-дәп. OFK.) салыстырғанда шамалы кешіліктер кеткені анықталды.

Қазақстан тәуелсіз мемлекет болып, мүмкіндіктер туғаннан кейін қазақ халқының тарихын зерделеу жөнінде жаңа көзқарастар туып қана қойған жоқ, сонымен қатар ұзақ жылдар бойы тотолитарлық жүйеге орай тек, саяси және таптық тұрғыда талдау жасалып, теріс бағаланып келген әдебиет тарихының көптеген мәселелері, соның ішінде халық мұрасының жан-жақты зерттеліп, әділ бағалануына қолайлы жағдайлар туғызылды.

Ал 2004 жылы Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен үкімет Қаулысы нәтижесінде «Мәдени мұра» кешенді Мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырыла бастады. Осы орайда «Мәдени мұра» бағдарламасы – мәдениетке деген мемлекеттік көзқарастың стратегиялық ұстанымын айқындаған жоба болды. Ол жаңадан қалыптасып жатқан қазақстандық қауымдастықтың әлеуеті мен гуманистік бағыт-бағдарын танытты. Сол жылдан бері әлем деңгейіндегі бірқатар жаналыктар ашылып, дүние жүзінің мұрағаттары мен кітап қорларынан қазақ халқының тарихындағы көптеген оқиғалардың сирін ашатын бұрын беймәлім жазба дереккөздер қайтарылып, ғылыми айналымға енді. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының қабылдануы Тәуелсіз Қазақстанның тарихындағы аса маңызды әрі өз уақытында іске асырылған шара болды. Бұл бағдарламаның басты мақсаты – халқымыздың өскелен рухани-мәдени сұранысын қанағаттандыру болды. Осыған байланысты мамандарға қазақ фольклорының бар байлығын жарқыратып, қазактың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін зерделеудің тұтастай жүйесін жасау міндетtelген болатын. Осы жағдайды ескеріп бағдарлама аясында жер-жерде тарыдай шашылған фольклорлық мұраларына зерттеулер жүргізілп оларды ғылыми негізде қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізіп, М.О. Өуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Бабалар сөзі» сериясы ғылыми басылымының жүзтомдығын жарыққа шығарды [3]. Қазақтың рухани мұрасы ешбір өзгеріссіз, бастапқы қалпында қалып жүртшылыққа қайтарылып, ғылыми айналымға енді.

Мінеле, осындай асыл мұраларымыздың баспа бетін көрүі көптеген рухани қазыналарымызды халық илгілігіне жаратуға, болашақ ұрпаққа мұра етіп қалдыруға мүмкіндік туғызылды.

Ал рухани-мәдени таным арқылы, тарихи сана негізінде патриоттық сезім, отаншылдық рух қалыптасатыны белгілі. Өсіресе, бұл мұралар бүгінгі және келешек «Мәңгілік ел» жастарын отаншылдық рухта тәрбиелеуде мемлекеттік идеологияның темірқазығы болуы тиіс.

Ұлттық фольклорымыздың бай мазмұнды жанрларының бірі – батырлар жырларда халықтың сан ғасырлар бойына жинаған рухани мұрасы, ұлттық дүниетанымы, саяси көзқарасы, тарихи оқиғалар мен ұлтларға берген бағасы қатар сақталып жеткен. Сол себепті батырлық жырларды халықтың рухани келбетінің бір айнасы деп санауға болады. Батырлық жырларда қазақ руханиятына қатысты көркемдік танымдар мен қатар ұлт пен мемлекеттің қалыптасуы мен дамуы жайында көп деректер сақталған. Соңдықтан халық шығармашылығының, оның ішінде батырлық жырлардың деректілік маңызы мен бірге ғибраттық, эстетикалық мәні де зор.

«Бабалар сөзі» сериясы бойынша шыққан жүзтомдықтың 39 томын «Едіге батыр» жырлары құрайды. Сол томның құрамында Қ.Жапсарбаев жырлаған «Едіге – Нұран» нұсқасы да бар.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Валиханов Ч.Ч. Собр. Соч. 1-том. – Алма-Ата, 1961. – 794 б.
- [2] Сәтбаев Қ.И. Ер Едіге. Алматы, 1927. –185; Әуезов Қ. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991. – 238 б.
- [3] Бабалар сөзі. 1–100-томдар. – Астана: Фолиант, 2004 -2013.

REFERENCES

- [1] Valikhanov C.C. Coll. of works. vol. 1. - Alma-Ata, 1961. Scientific description of Kazakh manuscripts. - Almaty, 1975.-794 p.
- [2] Satbayev K.S. Er Edige. Almaty, 1927. - 185; Auezov M. History of literature. - Almaty, 1991. - p.238.
- [3] Babalar Sozi. 1-100 volumes. - Astana: Folio, 2004-2013.

УДК 821. 512. 122. 09: 398

К.Б. Алпысбаева

Института литературы и искусства имени М.О.Ауэзова

ЭПОС «ЕДИГЕ – НУРАН» В РЕПЕРТУАРЕ К.ЖАПСАРБАЕВА И ЕГО СЮЖЕТНЫЕ ОСОБЕННОСТИ

Аннотация. Один из жанров нашего национального фольклора с богатейшим содержанием – это героический эпос. Среди них остановимся на эпосе «Едиге батыр». Он является одним из древнейших казахских высокохудожественных героических эпосов, дошедших до наших дней. Его сюжетной основой является воспевание народного единства, народного героизма. В качестве объекта исследования нашего труда анализируется история сабирания версии эпоса «Едиге батыр» в исполнении К.Жапсарбаева и его сюжетные особенности. Методологию работы составляют текстологический, сравнительно-исторический методы, метод документологии и библиографической информации. Результаты работы могут использовать студенты, магистранты и литературоведы высших учебных заведений.

Большинство вышеназванных произведений, опубликованных в советские годы, были изданы с некоторыми недостатками, примеры которых указаны.

После обретения Казахстаном независимости появились не только новые взгляды осмысления истории казахского народа, но и появилась возможность всестороннего изучения и объективной оценки многих вопросов истории литературы, в том числе народного наследия, которые в течение многих лет в соответствии с идеологией тоталитарной системы получали негативную оценку, были проанализированы только с политической и классовой точки зрения.

А в 2004 году по инициативе Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева в результате постановления правительства в рамках комплексной государственной программы «Культурное наследие» Институт литературы и искусства имени М.О.Ауэзова издал серию научного издания «Бабалар сөзі» из ста томов. Духовное наследие казахов без всяких изменений, в изначальном виде возвращено широкой публике и введено в научный оборот.

Ключевые слова: фольклор, сказитель, собиратель, версия, эпос, текстология, издание, героический эпос, оригинал.